

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ СЕНАТЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 9 қазан

Отырысты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Қ.Б. САФИНОВ жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, кворум бар, сондықтан комитеттің кеңейтілген отырысын бастаймыз.

Күн тәртібі алдарыңызда. Қарсылық болмаса, бекітеміз.

Күн тәртібінде «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы экстрадициялау туралы шартты ратификациялау туралы» Заң жобасы қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Бас прокурорының орынбасары Марат Мұратұлы Ахметжановқа беріледі.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Құрметті төраға, құрметті депутаттар! Алдарыңызға Украинамен экстрадициялау туралы шартты ратификациялау мақсатында келіп отырмыз.

Бұл шарт қылмыстық жауапқа тарту және сот үкімін орындау үшін адамдарды ұстау, беру мәселесін шешеді. Шарт бойынша жасалған қылмыс үшін екі елге де кемінде 1 жыл бас бостандығынан айыру көзделген болса немесе сотталған адамның өтелмеген мерзімі алты айдан көп болса адам ұстап беріледі.

Әрине, беруден бас тарту негіздері де көзделген. Мысалы, бір тарапта қылмыс деп саналатын әрекет екінші жақта олай болмаса немесе қудалау мерзімі өтіп кетсе, сұралып отырған әрекет әскери қылмысқа жатса, ұстап беру егемендікке, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін болса, Қазақстанның заңнамасына немесе халықаралық міндеттемелерге қайшы келсе.

Соңғы үш жылда Украина бізге алты қылмыскерді ұстап берді. Қазір Украинада жасырынып жүрген бес адамымыз бар. Оларды қайтару қаралып жатыр. Бүгінгі таңда екі ел арасында бұл мәселе Минск конвенциясымен реттелуде. Конвенция екіжақты шарт жасауға тыйым салмайды. Оның үстіне Украина 2014 жылдан бері ТМД қатынастарын шектеуде. Сондықтан бұндай құжат бүгін қажет болып отыр.

Келісімге келсек, ол стандарттық негізінде жасалған. Осындай құжат 21 елмен бар. Жақында біз Малайзия, Греция, Кипрмен қол қоюды жоспарлап отырмыз.

«Халықаралық шарттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шарт ратификациялауға жатады. Себебі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты болып табылады.

Ұсынылған заң жобасын қабылдау қандай да бір кері әлеуметтік, экономикалық, саяси салдарға әкеліп соқтырмайды. Экстрадиция үшін 2019

жылға қаражат қарастырылған, сондықтан заң жобасы қосымша қаражатты талап етпейді.

Құрметті депутаттар, ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Баяндамашыға сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Барлығы түсінікті.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Слово для содоклада предоставляется члену комитета Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Уважаемые коллеги и приглашенные! Проект Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Украиной об экстрадиции» разработан в соответствии со статьей 11 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан».

Заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан Ахметжанов отметил о необходимости принятия данного договора.

Вопросов не возникает, так как договором предусмотрены конкретные основания для выдачи и отказа в ней. Ратификация договора повысит эффективность сотрудничества обеих стран в борьбе с преступностью

Уважаемые коллеги, прошу поддержать данное соглашение без замечаний и направить на рассмотрение Палаты. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо, Андрей Иванович.

Есть вопросы к содокладчику?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Поддержим проект закона?

ОРНЫНАН. Поддержим.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Принимается решение. В соответствии со статьей 29 Закона «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» внести предложение на Бюро Сената о включении проекта Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Украиной об экстрадиции» в повестку дня пленарного заседания.

Кеңейтілген отырысты жабық деп жариялаймын. Рақмет.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Конституциялық заңнама, сот
жүйесі және құқық қорғау
органдары комитетінің төрағасы

В. Волков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
камтамасыз ету басқармасының инженерлік
орталығы» РМК директорының м.а.

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева